

ҰҚШҰ ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Ағымдағы жылдың 10-қаңтарында елімізде қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстан Президентінің бастамасымен шақырылған Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясы бейнебаиланыс режимінде өтті.

Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрі біртұтас майдан болып, Қазақстанның үндеуін бір-ауыздан қолдады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиынға Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Қырғызстан Министрлер кабинетінің Төрағасы — Президент Әкімшілігінің Басшысы Ақылбек Жапаров және ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась қатысты.

Қазақстан Президенті сессия қатысушыларына елімізде қалыптасқан ахуал мен оны тұрақтандыру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы ҰҚШҰ бойынша әріптестеріне көрсеткен көмектері үшін ризашылығын білдірді.

— Шын мәнінде, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің бірінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ету үшін Ұйымның бітімгерлік күштерінің ауқымды түрде жұмылдырылу жағдайы бірінші рет болып отыр. Біз үшін ҰҚШҰ бойынша әріптестеріміздің әскери ғана емес, моральдық қолдау көрсетуі де аса маңызды.

Президент Ұйымның бұдан пайдалы әрі жақсы тәжірибе алатынын, осал тұстар талданып, тиісті шешім шығарылатынын, реттеуші құжатқа түзетулер енгізілетінін атап өтті.


— ҰҚШҰ беделді әскери-саяси ұйым ретінде өзінің қажетті әрі тиімді екенін көрсетті. Бұл мемлекеттеріміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нақты механизм, — деді Мемлекет басшысы.

Саммит барысында ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары Қазақстан Республикасындағы жағдай жөнінде пікір алмасып, еліміздің басшылығы жасап жатқан іс-әрекеттерді қолдайтынын айтты. Сондай-ақ тұрақтылық пен конституциялық тәртіпті қалпына келтірудің маңызды екеніне назар аударды. ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась бірлесе қабылдаған шешімдердің жүзеге асырылу барысы туралы баяндады.

Мемлекеттер басшылары ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің Қазақстандағы миссиясы аяқталғанша тұрақты байланыста болуға уадаласты.

Ақорда.

ҚАЗА БОЛҒАН ПОЛИЦЕЙЛЕР МЕН ӘСКЕРИЛЕР МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН НАГРАДТАЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тәртіпсіздіктер кезінде қаза болған полицейлер мен әскерилерді мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Ақорда ресми сайтында.

Жарлық Ақорда сайтында жарияланды.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Әскери және қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғау кезінде жасаған ерлігі үшін наградталсын:

II дәрежелі

«Айбын» орденімен

Әділбай Дастан Әділбайұлы (марқұм) — Ұлттық қауіпсіздік комитеті Жамбыл облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы

Барганаев Дархан Ермекулұлы (марқұм) — Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті жедел қимылдау арнайы жасағының инспекторы

Жагалбаев Жандос Мұхтарұлы (марқұм) — Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының аға офицері

Кабдинов Андрей Вячеславович (марқұм) — Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының кафедра бастығы

Сланбеков Рахат Нұрбайұлы (марқұм) — Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Тараз қаласы полиция басқармасының 1-бөлімінің учаскелік инспекторы;

III дәрежелі

«Айбын» орденімен

Алмасов Нұрболсын Ғаниұлы (марқұм) — Ішкі істер ми-

нистрлігі Алматы қаласы Полиция департаментінің көлік жүргізуші-полицейі

Аманов Айбат Ерболұлы (марқұм) — Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 5514 әскери бөлімінің әскери қызметшісі

Асылханов Ален Мұхитұлы (марқұм) — Ішкі істер министрлігі Алматы қаласы Полиция департаменті Алматы ауданы полиция басқармасының көлік жүргізуші-полицейі

Әділхан Жайық Ұғұлқанұлы (марқұм) — Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының бөлімше командирі

Бітім Мейірхан Ержанұлы (марқұм) — Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсанты

Ержанов Ербол Тілеубекұлы (марқұм) — Ішкі істер министрлігі Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті ЛА-155/16 мекемесінің аға бақылаушысы

Жұпарбеков Дәулет Бауыржанұлы (марқұм) — Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсанты

Қайсаров Мадияр Оразалыұлы (марқұм) — Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 5547 әскери бөлімінің әскери қызметшісі

Қамбетов Ринат Талғатұлы (марқұм) — Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының Полиция департаменті Алматы ауданы полиция басқармасының көлік жүргізуші-полицейі

Смайылқанов Ғабдолла Ғалымұлы (марқұм) — Қорғаныс министрлігі 21751 әскери бөлімінің маманы (операторы);

«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен

Нүркенов Әділ Дулатұлы (марқұм) — Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кіші жедел уәкілі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

11-қаңтарда Мәжіліс отырысы өткізілді. Онда Қазақстанның жаңа премьер-министрі тағайындалды. Бұл лауазымға бұған дейін үкімет басшысының бірінші орынбасары қызметін атқарған Әлихан Смайылов келді.

Жаңа Үкімет басшысы бекітілгеннен кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзекті мәселелерді шешу жөнінде оның алдына нақты міндеттер қойды.

Президент сөзі мен тапсырмаларынан үзінділерін ұсынамыз:

- Елімізге қарсы лаңкестік соғыс басталды. Жау тым қатыгез болды және кез келген қадамға баруға дайын екенін көрсетті. Қарсылық туралы ойды басу үшін халық арасында қорқыныш тудырды. Жоспар бірқатар бағытты қамтыды: әскери, саяси, идеологиялық, жалған ақпарат және т.б. Кәсіби маман-

дар жұмыс істеді (...). Алматыны бақылауды толығымен жоғалтып, Алматыны жоғалтқасын астананы, содан кейін бүкіл мемлекетімізден айрылып қалуымыз мүмкін еді. Бұл - қайғылы оқиғалардың мәні (...)

- Мысалы, ҚДБ қаржылық, өндірістік және құрылыс топтарын ұсынатын жеке тұлғалардың таңдаулы тобына арналған жеке банкке айналды. Біз барлығын тегімен танимыз. Жоғары кеңселерге қолжеткізуді пайдалана отырып, олар өз жобаларын жүзеге асыру үшін жеңілдіктер алады. Мемлекеттің ресурстары шағын және ор-

та кәсіпкерлікке пайдалануға болатын осы жобаларға бағытталған.

-Мемлекеттік қолдау шаралары түсініксіз және тиімсіз болып қалып отыр, бұл тәсілдер қайта қаралуы керек. Бұл ашық және түсінікті тетіктер болуы керек, өңірлердегі ШОБ-ты дамытуға ерекше назар аудару керек.

-Қаза тапқан әскерилердің отбасы тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті шаралармен қамтамасыз етіледі.

- Мемлекеттік шекара нығайтылуы тиіс.

- Барлық құқық қорғау органдарының жалақысын көтеруді тапсырамын.

- Қазақстандағы ҰҚШҰ бітімгершілік миссиясы сәтті аяқталды. 2 күннен кейін оларды Қазақстан аумағынан шығару басталады. Бұл 10 күннің ішінде жүргізіледі.

Жалғасы 2-ші бетте ►

Тағайындау

Ерлан ҚАРИН -

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы

Ерлан Қарин Қырымбек Көшербаевтың орнына ҚР Мемлекеттік хатшысы болып тағайындалды, деп хабарлайды zakon.kz

Қазақстанның мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ерлан Қаринді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы етіп тағайындау туралы жарлыққа қол қойды, деп мәлімдеді Ақорда.

Ерлан Қарин Қырымбек Көшербаевтың орнына келді.

Президент жарлығымен ол Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі лауазымынан босатылды.

Ерлан Қарин 1976 жылы 26 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысында (Түркістан облысы) дүниеге келген.

1997 жылы Қ.Жұбанов атын-



дағы Ақтөбе Мемлекеттік университетін тарих мамандығы бойынша оқыған.

1999 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің философия және саясаттану факультетін тәмамдаған. Саясаттану ғылымдарының кандидаты.

1996-1998 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Мемлекеттік университетінде саясаттану кафедрасында оқытушы болып бастап, әртүрлі мемлекеттік қызметтерді атқарған. 2017 жылдың 9 ақпанында «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы қызметінде болды. 2019 жылы ҚР Президентінің кеңесшісі қызметіне тағайындалды.

2020 жылғы шілдеден бастап Президенттің көмекшісі қызметін атқарып келді.

Жалғасы. Басы 1-бетте

Халықтың табысы экономикамен қатар өсуі керек.

- ҰҚК уәкілетті орган ретінде болып жатқан оқиғаларға нақты баға бере алмады және бергісі келмеді. Бірқатар қалада ҰҚК департаменттерінің басшылары қару-жарақ пен құпия құжаттамаға қарамастан нысандарды қарсылықсыз тапсырды. Біздің елге қарсы террористік соғыс басталды. Жау өте қатыгездікті көрсетті. Қазақстан ҰҚК төртпінсіздік жағдайында ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіпті байқамады.

- Қазақстанның Даму Банкі жеке тұлғалардың жеке банкіне айналды. Үкімет ҚДБ жұмысын қайта қарайды.

- «Самұрық-Қазынаға» және Қордың барлық құрылымдық бөлімдеріне тексеру жүргізуді тапсырамын.

- Ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керек.

- Кәсіпкерлерге несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады.

- Инфляцияға нүкте қоятын уақыт келді. Біз жалақы мен зейнетақыны көтеріп жатырмыз, бірақ елде инфляция жоғары. Үкімет Ұлттық банкпен бірлесе отырып инфляцияны тоқтату мақсатында іс-шаралар қабылдауы керек.

- Үкіметке 3 апта ішінде дамудың жаңа бағытын дайындауды тапсырамын. Оны кеңейтілген отырыста талқылаймыз.

- Кеден бақылау қызметінде былық бар. Прокуратура мен жауапты орындарға қатаң тексеру жүргізуді тапсырамын.

- Халық көптеп несие алып жатыр. Қазір жеке тұлғалардың банкроты жайлы заң өзгерісі жатыр.

- Күш құрылымдарының жұмысын қайта қарастыру керек. Олар қазақстандықтарды барынша тиімді қорғауы тиіс.

- Үкімет әр азаматқа ашық болуы керек. Кей шенеуніктер өз орындарында ұзақ отырып, жастардың өсуіне жол бермейді. Дегенмен барлығын орынсыз қызметтен босатып, жастарды сайлау деген сөз емес. з жұмысын дұрыс атқарған азаматтар орнында қалуы керек.

- LRT құрылысы инфрақұрылымдық жобадан елдің беделіне нұқсан келтіретін күрделі проблемаға айналды. Бұл алғашынан қате жоба болды, оның айналасынан жемқорлықтың желі есті. Оңтайлы шешім қабылдау керек, бұза салу ақша мен уақыттың жоғалғанын білдіреді. LRT мәселесін шешу үшін отандық және шетелдік сәулетшілерді шақырудан басқа «амалымыз жоқ»

- Төтенше жағдай режимі енгізілуіне байланысты жекелеген қаржы-өнеркәсіп топтарының капиталын шетелге шы-

ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕТБҰРЫС



ғару қаупі жоғары. Оның ішінде жалған келісімшарт жасасу арқылы. Жеке тұлғалардың шоттарында қозғалыстар барын тіркедік. Сондықтан Ұлттық банкке ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, барлық транзакция мен елден негізсіз қаражат шығаратын тұлғаларды нақты бақылауды және тексеруді қамтамасыз етуді тапсырамын.

- Кейбір шығындарды ескеру керек. Әсіресе, Үкімет мүшелері мен депутаттар, әкімдердің жалақысына қатысты. ткен жылы қоғамда бұл мәселе талқыланды. Сондықтан жоғарыда аталған мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы жеткілікті деп ойлаймын. Менің ойымша, Үкімет мүшелері, облыс әкімдері мен депутаттарың жалақысын өсіруге 5 жылға мораторий жариялау керек. Бұл Мәжіліс депутаттары үшін жағымсыз жаңалық екенін түсінемін. Мұны сіздер түсінетін шығарсыздар. Экономика өсіміне байланысты әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерге, бюджет қызметкерлерге жалақыны көтереміз.

- Валюта нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етпейінше тұрақты экономикалық нарық болуы мүмкін емес. Төртпінсіздіктер мен төтенше жағдай аясында ұлттық валюта алыс-сатарлық қысымның елеулі нарықтары пайда болды. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ішкі және сыртқы нарық қатысушылары тарапынан теңгеге деген сенім толық қалпына келгенге дейін валюта нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуді тапсырамын. Жұмыссыздық деңгейін төмендету қажет, әсіресе, жастар арасында.

- Халықтың Үкіметке деген сенім деңгейі төмен. Тұтастай алғанда шенеуніктердің халықпен диалогының тиімділігі бұрынғыша төмен екенін айту қажет. Мемлекеттік органдардың басшылары халықпен тілдесе алмайды, кейде қорқады. Үкімет мүшелері өңірлерге тұрақты түрде шығып тұруы тиіс, ал өңірлердің әкімдері әрбір елді мекеннің тұрғындарымен тұ-

рақты кездесулер өткізуге міндетті.

- Бюрократия - реформаларды сапасыз жүзеге асырудың себептерінің бірі. Бұл аурудан бөрімізге емделуге тура келеді. Басымдық формада емес, мазмұнда болуы керек. Есеп үшін есеп, бақылау үшін бақылау жүргізу өткенде қалуы тиіс. Соңғы нәтиже процесстен маңыздырақ.

- Сөзсіз басымдық - сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бұл бүкіл қоғам дамуының ең маңызды факторы. Мектептерді материалдық ресурстармен қалай қамтамасыз етсек те, жақсы мұғалімдерсіз білім сапасын арттыру мүмкін емес. Ахмет Байтұрсынов айтқандай: “Мұғалім — мектептің жүрегі”. Сондықтан мұғалімдер жетіспейтін өңірлер үшін тиісті қолдау шаралары кешені мен үздік мұғалімдерді тарту бойынша арнайы бағдарлама әзірлеуді тапсырамын.

- Алдағы 5 жылда Қазақстанда беделді деген халықаралық 5 ЖОО филиалын ашуга тапсырма беремін. Соның 2-уі техникалық болуы керек. Гуманитарияға оқыта беруді доғару керек.

- Жылдан-жылға азаматтарымыз мен кәсіпкерлеріміз жанар-жағармай өндіру және оны бөліп тарату жүйесінің ашық болмауынан зардап шегіп келеді. Тіпті, жанар-жағармай бағасын жарты жыл бойы қолдан реттеуге мәжбүр болып отырмыз. Осы кезеңде Бас прокуратура Бәсекелестікті қорғау агенттігімен, энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тиіс.

- “Қазақстан халқына” қоры құрылады.

- Кедейлікті жоюдың жұмысын жүргізу керек. «Атамекен» палатасы мен Үкіметке халықты жұмыспен қамту бағдарласын әзірлеуге 2 айға уақыт беремін.

- Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын қоғам болып ойластыру керек.



Әлихан СМАЙЫЛОВ -

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтіп жатқан Мәжілістің жалпы отырысында премьер-министр қызметіне Әлихан Смайылов тағайындалды. Депутаттар бірауыздан Президенттің ұсынысын қолдады.

Әлихан Смайылов 1972 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1994 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін “қолданбалы математика” мамандығы бойынша тәмамдаған. 1996 жылы — ҚР Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының мемлекеттік басқару магистрі дәрежесіне ие болды. 1993-1999 жылдары — “А-Инвест” инвестициялық—жекешелендіру қорының бас маманы, бөлім басшысының орынбасары, ҚР Ұлттық статистика агенттігінің басқарма басшысы, ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау комитеті төрағасының орынбасары, бас сарапшы, экономика секторының меңгерушісі, ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып қызмет атқарған. Әртүрлі жауапты қызметтерді атқара келе, 2018 жылғы қыркүйектен бастап 2019 жылғы ақпанға дейін — Қаржы министрі. 2019 жылғы 25 ақпанда Президент Жарлығымен Премьер-Министрдің Бірінші Орынбасары — Қаржы министрі қызметіне тағайындалды. 2021 жылы 18 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен осы қызметіне қайта тағайындалды.

ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы

Мәулен ӘШІМБАЕВ:

Соңғы күндері еліміздің бірқатар өңірінде болған қайғылы оқиғалар салдарынан біраз азаматымыздан айрылып қалдық. Соған байланысты Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 10 қаңтарды Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады.

Парламент Сенатының және жеке өзімнің атымнан қаза тапқандардың туган-туыстарына қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын. Зардап шеккен азаматтардың тез арада сауығып кетуіне тілектеспіз.

Мемлекет басшысының бағыт әрі уақтылы шешімдері Қазақстанның бейбіт және қалыпты өмірге тез оралуына мүмкіндік береді.



Осындай күрделі кезеңде біз Президентіміздің айналасына топтасуымыз қажет. Бұл - жағдайды тұрақтандыру, экономиканы қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыру және барлық салада жаңа реформаларды іске асыру үшін маңызды қадам.

ҚазАқпарат.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасының бірінші орынбасары

Зауытбек ТҰРЫСБЕК:

Тәуелсіздігіміздің негізі - береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтайық. Бұл туралы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков айтты. «Қадірлі қазақ жұрты! Ел ішіндегі жағдайға байланысты тарихи отанынан сыртта жүрген отандастарымыз қатты алаңдаушылық білдіруде. Көрші мемлекеттерден бөлек Түркия, Еуропа, Америка, Қытай, Моңғолия, Жапония, Корея сияқты елдерден бауырларымыз хабарласып, шынайы ниеттерін білдіруде. Шетте жүрсе де әрбірі ел деп жүрегі езіліп жатқанын жеткізуімізді аманаттады», - деп атап өтеді қауымдастық төрағасының бірінші орынбасары. Осы орайда ол Дүниежүзі қа-



«ХАЛЫҚТЫҢ КӨКСЕГЕНІ - БЕЙБІТШІЛІК»

зақтары қауымдастығы елдігіміздің беріктігі сыналған тұста баршаңызды ынтымаққа шақыратындығын баса айтты. «Осындай сындарлы сәтте ел Президентінің маңына топтасып, оның қабылдаған шешімдері мен жүргізіп жатқан анти-террорлық операциясына қолдау білдіреміз. Сонымен бірге танымал мәдениет және спорт қайраткерлерін, іскер азаматтарды, ауган соғысының бұрынғы құқық қорғау саласында

қызмет еткен ардагерлерді өз қаласында халық сақшысын құрып, патрульдік полициялармен бірге қаланың тыныштығын күзетуге шығуға үндейміз. Елдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың тез арада тұрақтанғанын қалаймыз. Мұны қарапайым халық алаңдай күтіп

отыр. Халықтың көксегені бейбітшілік. Кең байтақ жеріміз, ұлы дала ынтымақтың арқасында ғана көркейе бермек. Дана халқымыздың бәрін сабырға ендірген қасиеті мен мінезін танытайық. Тәуелсіздігіміздің негізі - береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтайық. Қасиетті қазақ елі, Дүниежүзі қазақтары! Жұдырықтай жұмылып, түгел болайық», - деді Зауытбек Тұрысбеков.

Inform.kz

Әлихан БАЙМЕНОВ –

Председатель Управляющего комитета Астанинского Хаба в сфере государственной службы (ACSH)



Президент Касым-Жомарт Токаев, взяв всю ответственность на себя, наводит порядок. Начата работа по восстановлению. Наш гражданский долг - помочь ему в этом. Мы видим гражданскую зрелость и солидарность миллионов казахстанцев. Ценою сотен жизней нация проходит через катарсис. Соболезную близким и родным тех, кто погиб защищая права, правопорядок и жизни людей, тех, кто оказался жертвой хаоса и кровопролитий. Спасибо всем зарубежным друзьям, переживающим за Казахстан. Нахождение среди террористов отдельных представителей соседних или иных стран не должно служить основанием для огульных обвинений в адрес братских народов и стран. Тысячи людей из тех же стран сегодня помогают нашим согражданам, оказавшимся в трудной ситуации. Мерзавцы и террористы не представляют нацию или религию, не представляют человечество. Ответственность за страну и государственность обязывает нас быть бдительными, разборчивыми, внимательными и сплоченными. Мы не должны позволять фабрикам фейков, провокаторам и популистам, защитникам интересов террористов и их покровителей увести нас по ложному следу. Никто не владеет полной информацией. Много версий и догадок. В этих условиях сейчас важно внимать официальной информации. Сейчас важно поддерживать усилия Президента Токаева по восстановлению конституционного порядка. Нам еще предстоит осмысление произошедшего и извлечение уроков. Но ясно одно - в основе всего тотальная коррупция и продажность алчных людей, наделенных полномочиями. В самые трудные дни Президент заявил о намерении проведения реформ, направленных на политическую модернизацию. Надеюсь, они будут учитывать корни проблем. Без этого невозможно предотвратить повторение трагедии. Кроме этого, полагаю первоочередными следующие направления реформ:

- прозрачность экономики и финансов,
- прозрачность контрактов, особенно в сфере нефти, газа и минеральных ресурсов,
- создание условий нормальной конкуренции и монополизация
- прозрачность регулирования цен всего секто-

ра энергетики, от нефти и газа до электричества и тепла

- дебиюкратизация госуправления, включая децентрализацию, сокращение ненужной отчетности и упрощение процедур принятия решений
- повышение персональной ответственности должностных лиц через разграничение полномочий, ответственности и ресурсов как между уровнями управления, так и внутри каждого уровня и госоргана
- определение основными функциями политических госслужащих работу по связи с обществом и стратегическое руководство отраслью или регионом, ограничив их участие и влияние в процедурных вопросах госзакупок, тендеров, конкурсов и т.д. Последние, являясь привлекательными с точки зрения личных интересов, не оставляют времени и энергии на занятие реальными проблемами людей и страны
- четкое разграничение ответственности и полномочий в сфере борьбы с коррупцией
- включение противодействия коррупции в правоохранительных органах и судах
- широкое использование блокчейна в системе распределения общественных благ, госзакупок, тендеров, конкурсов, предоставления налоговых, тарифных и иных льгот и преференций
- внедрение принципов меритократии и прозрачности в отборе кадров в правоохранительные, специальные органы и суды
- усиление принципов меритократии и прозрачности в госслужбе
- внедрение культуры госуправления, основанной на уважении прав, достоинств, труда и времени как подчиненных, так и граждан
- усиление роли и ответственности Счетного комитета, переименовав его в рамках конституционных изменений в Счетную палату.

Что касается политических реформ, нужно понимать, что полноценная реализация концепции Слышащего государства предполагает как умение, так и желание слышать. Если умение слышать определяется профессионализмом, то желание слышать - не только этикой и гражданской ответственностью, но в определяющей степени политической системой, связывающей карьеру должностного лица и мнение народа.

Надеюсь, что данные предложения, будут учтены при разработке ожидаемых программ Президента Касым Жомарта Токаева по политической трансформации и социально-экономическому развитию.

Мемлекет қайраткері

Имангали ТАСМАҒАМБЕТОВ:

ПРЕЗИДЕНТ - ТҰТАС ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАЛҒЫЗ КЕПІЛІ!



Ағайындар, бауырлар, азаматтар! Осынау қаңтардың қаһарлы күндері елімізде, оның ішінде айналайын ақ Алматымыздың басына түскен қаралы күндері орын алған дүрбелеңде Өздеріңізге үн қатуды азаматтық парызым деп білемін. Өкінішке орай, осы күндері қаза тапқан азаматтар аз емес. Олардың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын. Имандары жолдас болсын.

Сөз жоқ, біздің ел ежелден еңбек пен ерлікті, жігер мен ерікті ту еткен текті халық. «Бас кеспек бар болса да, тіл кеспек жоқ» деп өз тілегін тілімен, сөзімен жеткізген жұрт. Сондықтан да бұл күндері кей өңірлерде бас-талған шерулер бейбіт сипатта, әділетті талаппен болды.

Десе де, арнайы дайындалған арандатушылар мен содырлар жағдайды пайдаланып кетті. Нәтижесінде, «Тәуелсіздіктің тал бесігі» саналатын алып шаһарды қантөгістің алаңына айналдырды. Бұл жәй ғана қылмыс емес. Бұл - жауыздық! Отанға, Тәуелсіздікке жасалған опасыздық! Қарапайым азаматтарымызға жасалған қатігездік!

Мұндайда ел болашағы үшін жауапкершіліктің ауыр жүгі Мемлекет басшысының мойнында. Ал дәл қазір Президент әр азаматтың, әр отбасының, тұтас қоғам қауіпсіздігінің жалғыз кепілі!

Осы орайда, мен барша қазақстандықтарды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қолдау көрсетуге шақырамын!

Біз қай жерде туып, қай өңірде жүрсек те бір атаның баласымыз. Қарға тамыр қазақпы!

Мен күшті де қуатты, әсем де әлеуетті мемлекеттің ертеңіне сенемін! Аман болайық! Ел бірлігі мен берекесін сақтайық, ағайын!

Abai.kz

Түркістан облысының мәслихат хатшысы

Қайрат БАЛАБИЕВ:

бастайтын ақпараттар тарату, арандату үшін пайдалануға қатаң тыйым салынатынын, ондай жағдайда арандатушылар анықталып, оларға жаза қолданылатынын жеткізді. Қ.К.Тоқаев өңірлердегі төтенше жағдайдың кезең-ке-



ХАЛҚЫМЫЗҒА ТӘН ДАНАЛЫҒЫМЫЗДЫ КӨРСЕТЕ БІЛЕЙІК, АҒАЙЫН!

Қымбатты жерлестер! Қадірменді ағайын!

Соңғы күндері елімізде орын алған бүлікшілік пен лаңкестік іс-әрекеттер қарапайым халықтың қалыпты өмір тіршілігіне және әлеуметтік нысандар мен мекемелердің үздіксіз жұмыс жасауына айрықша нұқсан келтіріп отыр.

Осы орайда, елдегі қалыптасқан жағдай және қабылданып отырған шаралар туралы Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бірер күн бұрын халыққа өзінің Үндеуін жариялады.

Президент бұл іс-әрекеттердің әскери дайындығы мықты, арнайы жаттықтырудан өткен және белгілі бір басқару пункті арқылы басқарылатын ішкі және сыртқы қарулы лаңкестер тарапынан жасалып отырғандығын мәлімдеді. Сол себептен де, Қазақстан Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымына қатысушы мемлекеттерден конституциялық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында біріктірілген бітімгерлік күш енгізуді сұрады.

Біріктірілген бітімгерлік күш Қазақстандағы жағдай тұрақтандырылғанға дейін қысқа мерзім аралығында жұмыс істейтінін айтты. Сонымен қатар, Президент кейбір аймақтарда интернеттің ішінара іске қосылатынын, бірақ оның жалған деректер орналастырып, елдегі тұрақтылықты бұзуда

зеңімен алынатынын айтып, халыққа, оның ішінде студенттерге бүлікшілердің арандатуына еріп кетпей, тыныштықты сақтауға, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге қосқан үлесі, саналы азаматтық ұстанымдары үшін ерекше алғысын білдірді.

Осы орайда Мақтаарал ауданы, Кентау қаласы тұрғындарымен кездесу өткізу барысында елді ауызбіршілік пен ынтымаққа шақырған қазыналы қарттарымыз бен өнегелі өрендерімізге, жалпы облысымыздың барлық аудандары мен қалаларының халқына бүлікшілікке бой бермей, қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысқаны үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Өңір басшысы Ө.Е.Шөкеев бастаған тиісті құрылымдар мен облыстық мәслихат депутаттары қалыптасқан жағдайды тұрақтандыру, халықты толғандыратын проблемалық мәселелерді шешу жөнінен бірізді жұмыстар жүргізе беретін болады.

Қадірлі ағайын, лаңкестікпен байланысты ел басына күн туған қайғылы сәтте Президентіміз халықпен бірге болып, әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен халықтың мұң-мұқтажын қанағаттандыру үшін күрделі реформалар, қажетті шаралар қабылданады.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ҚАНДАЙ ШЕКТЕУЛЕР ЕНГІЗІЛЕДІ?

Еркін жүріп — тұруға, оның ішінде көлік құралдарының кіруі мен шығуына шектеулер белгіленді.

Тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, жеке тексеру, олардың жанындағы заттарын, көлік құралдарын тексеру.

Бейбіт жиындарға, ереуілдерге және басқа да жаппай іс-шараларға тыйым салынды

Сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін коменданттық сағат енгізіледі.

Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, этил спиртін және алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салынады.

Жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәрілерді уақытша алып қою көзделген.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМИНІҢ ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАН ЖАҒДАЙДА:

Билік өкілінің заңды талабына немес өкіміне бағынбау Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі — ҚК) 379 және 401 баптары бойынша 2 жылға бас бостандығынан 401-баптары бойынша 2 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғады.

Төтенше жағдай кезінде жалған ақпарат тарату ҚК-нің 274-бабына сай 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Төтенше жағдай кезінде қару-

жарақты, оқ-дәрілерді, қозғалыс құралдарын, әскери техниканы немесе өзге де әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру 10 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді. (ҚК-нің 459-бабы).

Төтенше жағдай режимін бұзғаны үшін (Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі-ҚКБТҚ-нің 478-бабы), төтенше жағдай кезінде құқық тәртібін бұзуда итермелейтін әрекеттері үшін (ӨҚБТҚ-нің 478-бабы) тиісінше 15 және 30 тәулікке дейін өкімшілік қамаққа алу көзделген.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ 1414: СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕДІ?

Қазақстандықтар психологиялық көмек алу үшін 1414 жедел желісіне жүгіне бастады. Негізінен, террористік актілерден зардап шеккен немесе психоэмоционалды проблемалары бар адамдар жедел байланыс арнасына қоңырау шалуға, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бірлесіп, барлық мұқтаж адамдарға, әсіресе террористердің әрекеттерінен кейін зардап шеккендерге кәсіби психологиялық көмек көрсету үшін 1414 бірыңғай байланыс орталығының негізінде жедел желі құрды. 24/7 режимінде жүгінушілермен кәсіби психологтар жұмыс істейді.

Желінің жұмысы туралы біз

сенім телефонының психологы Варвара Поляковамен сөйлестік.

- Қазақстандықтар қандай мәселелермен жиі жүгінеді?

- Адамдар көбінесе стресстік жағдайға байланысты қоңырау шалады. Соғыс басталуы мүмкін деген тәрізді уайымдаулар. Біреу қала көшелерінде қатты дыбыстардан кейін қоңырау шалды. Елдегі жағдайға байланысты мәселелерге ғана емес, сонымен қатар жеке мәселелерге де қатысты өтініштер бар.

Осыған қарамастан, өзіндеу үшін қоңырау шалатындар да бар. Бұл біздің психологтардың уақытын алады. Біз психологтардың қолдауына мұқтаж адамдарға көмектесе аламыз. Егер біреу көңіл көтергісі келсе, сізден басқа жолдарды табуыңызды сұраймын. Жедел желіні ұстамаңыз.

- **Сіз адамдарға қандай қолдау сөздерін табасыз?**

- Біздің басты міндетіміз - адамды ресурстық жағдайға келтіру, мазасыздық, стресс және дүрбелең сезімін жою.

- **Осы күндері психологтардың өздері күйзелісті қалай жеңді?**

- Жеке өзім қорқыныш сезімін болдырмадым. Себебі мен адамдарға керек екенімді түсіндім. Маған көмек сұраған адамдарға пайдалы болу үшін мүмкіндігінше жігерлі болуым керек.

- **Сіз қазақстандықтарға қандай кеңес бере аласыз, осы күндері өзіңізді психологиялық тұрғыдан қалай реттеуге болады?**

- Мазасыздықты жеңе алмайтындардың барлығына таныс психологтарға немесе біздің сенім телефонына кәсіби көмек сұрауға кеңес беремін.

Сондай-ақ, қызметті ауыстыру өте пайдалы: оқу, туыстарымен сөйлесу, музыка тыңдау және т. б.

Жақын адамдармен бірігіп, көбірек сөйлесу керек, бастысы - проблемалар мен қорқыныштарға бой алдырмау, жалғыз болмау.

ҚазАқпарат.

МАҢЫЗДЫ БАЙПАНЫСТАР ТІЗІМІ



Интернетсіз жұмыс істейтін қосымшалар:

- банк қосымшалары - Halyk, Homebank және Kaspi. Kaspi-де онлайн-дүкен мен өуе және теміржол билеттерін сатып алу қолжетімді, сондай-ақ “менің банкім” бөлімінде “Мемлекеттік жаңалықтар” бөлімшесі ашылды;

- жаңалық ресурстары - Tengrinews.kz, Inform.kz, Baq.kz, 24.kz, Stopfake.kz, Qazaqstan.tv және басқалар;

- Мемлекет басшысының сайты - Akorda.kz.

Интернетсіз қалған қазақстандықтар “Қазақтелеком” сайтынан tv.telecom.kz (“Мұрағат” бөлімінен) фильмдер, мультфильмдер мен деректі фильмдерді тегін көре алады.

Теледидарды интернетсіз қалай қосауға болады, мына жерден оқыңыз.

Хабар-ошарсыз кеткен туыстарын іздеушілер 1414 call-орталығына хабарлассын. Бұл орталықта хабар-ошарсыз кеткен және зардап шеккендерді іздеу бойынша тікелей желі ұйымдастырылды.

Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне, сұйытылған газға, бензинге және дизель отынына бағаларды мемлекеттік реттеу енгізілді. Егер сіз дүкендерде және ЖҚС-да негізсіз жоғары бағалар қойылғанына куә болсаңыз келесі нөмірлерге қоңырау шалыңыз: Нұр-Сұлтан, сондай-ақ Алматы және Алма-

ты облысы - +7 778 668 1841, +7 775 592 6169, 8 (7172) 75-04-65, 74-27-38 (Тамақ өнімдері бойынша), 8 (7172) 74 99 14, 74-96-64, 74-34-01, 74-31-26, 74-90-52 (ЖЖМ бойынша);

Шымкент - 8 (7252) 53-50-66;

Ақмола облысы - 8 (7162) 50-40-23, +7 776 122 28 38;

Ақтөбе облысы - 8 (7132) 73 02 48, +7 771 791 33 91;

Атырау облысы-8 (7122) 27 01 14;

Шығыс Қазақстан облысы - 8 705 280 4513;

Жамбыл облысы - 8 (7262) 43 54 71;

Батыс Қазақстан облысы - 8 (7112) 51 42 81, +7 775 373 04 08;

Қарағанды облысы - 8 (7212) 42 35 51;

Қостанай облысы - 8 (7142) 54 18 97, +7 707 403 50 73;

Қызылорда облысы - 8 (7242) 27 55 59;

Маңғыстау облысы - 8 (7292) 43 84 14;

Павлодар облысы - 8 (7182) 32 58 69, +7 701 566 0793;

Солтүстік Қазақстан облысы - 8 (7152) 53 41 98, +7 778 311 6547;

Түркістан облысы - 8 (72533) 577 07, +7 707 138 20 44.

Егер сіз кәсіпкер болсаңыз, тәртіпсіздікке қатысушылардың қолынан зардап шексеңіз “Атамекен” ҰКП 1432 call-орталығына хабарласыңыз.

Медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша кеңес беру үшін 1406 байланыс орталығының нөмірлері бойынша қосымша жедел желі ашылды 8 (7172) 67 4133, 8 (7172) 67 41 34, 8 (7172) 67 40 92.

Желі күн сайын 8.00-ден 20.00-ге дейін қол жетімді.

Айта кетейік, Алматыда “Іңкәр”, “Медсервис”, “Аманат”, “Рауза”, “Еврофарма”, “Цветная” және басқа да қаланың дәріханалық желілері тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен жоқ, қазір толық жұмыс істеуді бастады.

Өуе рейстерінің жолаушылары ұшу уақытын

төмендегі нөмірлерге хабарласып нақтылағаны дұрыс:

“Turkish Airlines”: +7 727

3123250, +7 727 3493336;

“Белавиа”: +375172202555;

“Lufthansa”: +7 727 333-

5025, +7 495 4118437;

“Аэрофлот”: 8 800

4445555;

“Орал өуе жолдары”: +7 499 9202252;

“Air Astana”: +7 7172 584477, +7 7272 444477;

“SCAT”: +7 725 2998880;

“Qazaq air”: +7 7273 561414;

“Fly Arystan”: +7 7273 311010;

“Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық өуежайы”: +7 7172 702999;

“Алматы халықаралық өуежайы”:

+7 7272 221551;

“Ақтау халықаралық өуежайы”:

+7 7292 609755;

“Turkistan International airport”:

+7 7292 609755;

“Хиуаз Доспанова халықаралық өуежайы” (Атырау): +7 7122 764646;

“Әлия Молдағұлова халықаралық өуежайы” (Ақтөбе): +7 7132 730073;

“Әулие-Ата халықаралық өуежайы” (Тараз):

+7 7262 542600;

“Қазақстанның авиациялық өкімшілігі”: +77172798213, +77172798214 +77172798215, +771-72798229, тәулік бойы, WhatsApp + 77021115822, электрондық пошта call798213@mail.ru.

Төтенше жағдай кезінде қайда және қандай жағдайларда қоңырау шалу керек

Төтенше жағдай кезеңінде Қазақстанда жедел желі жұмыс істейді, оған қоңырау шалып, қажетті ақпаратты алуға болады.

- зардап шеккендер мен із-түзсіз жоғалғандар туралы: 1414, сондай-ақ осы сенім телефоны негізінде психологиялық көмек ала аласыз;

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің балалардың құқықтарын қорғау бойынша: +7 (717-27) 4-25-28, +7 (776-17) 0-73-83, +7 (777-18) 3-65-67, +7 (701-37) 8-66-29;

- төтенше жағдай кезеңіндегі медициналық көмек және міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері: 1406, 8 (7172) 67-41-33, 67-41-34, 67-40-92;

- дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі үзілістер бойынша «СК-Фармация» байланыс орталығы: 1439;

- Бас прокуратураның Call-орталығы: 115;

- «Атамекен» АЭС: 8-800-080-80-10, 8-7172-91-93-00, 1432 (Қазақстан бойынша тегін), @NPPAtameken_bot, +7 (778-41) 0-17-84, 7784101736, 7784 , 7781897134, 7781087589, 7751261839; 7781243803, 7758605879, 7781933478, 7784101973, 7784101844, 7784101762, 7781933487;

- «Қазақстанның авиациялық өкімшілігі» АҚ

рейстері бойынша: +7 (717-27) 9-82-13, 798-214;

- қазақстандық туристерді қайтару: +7 (701-53) 4-05-80;

- волонтерлерді қолдау бойынша азаматтық бастамаларды қолдау орталығы: +7 (771-34) 8-83-84, @eriktiler_kaz telegram чаты;

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Call-орталығы: +7 (727-23) 7-10-00;

- Қазақстан Ұлттық Банкінің байланыс орталығы: 1477;

- Халық банкінің кәсіпкерлерге арналған байланыс орталығы: 9595.

БҒМ МӘЛІМДЕУІНШЕ, ҚАЗАҚСТАНДА ОҚУҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ KEЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ

- Қаңтар айындағы ҰБТ-ға қатысуға өтініштерді қабылдау 21 қаңтарға дейін ұзартылды.

Бұрын өтініштерді қабылдау 24 желтоқсан мен 5 қаңтар аралығында белгіленген

—ҰБТ 25 қаңтар мен 22 ақпан

аралығында өтеді. Бұған дейін 100 мыңға жуық адам құжаттарын тапсырған

- Магистратура мен докторантураға құжаттарды қабылдау және қабылдау мерзімі 24 қаңтарға дейін ұзартылды.

Сондай-ақ, 6 қаңтарда БҒМ мектеп оқушыларының демалысы 17 қаңтарға дейін, студенттер демалысының 24 қаңтарға дейін ұзартылғанын мәлімдеген.

Ақорда.кз



Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты Түркістан облысының қала мен аудандары және өзге облыстар аумағы арасында блокпост қойылды. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев бекеттерді аралап, тапсырмалар берді. Аймақта түнгі 23.00 мен таңғы 7-ге дейін коменданттық сағат енгізілді. Елдімекендер арасында және облыстан шығатын жерлерде бақылау-өткізу бекеті ұйымдастырылған.

АУМАҚТАҒЫ АХУАЛ ТОЛЫҚ БАҚЫЛАУДА

Өңір басшысы осы күрделі әрі қиын кезеңде сабырлық танытып, ел болашағына жауапкершілікпен қараған өңір тұрғындарына алғысын жеткізді. Қазіргі таңда басты мәселе ел тыныштығы екенін айтты.

«Түркістан облысында жағдай тұрақты. Инфрақұрылым толық жұмыс істеп тұр. Қоғамдық көліктер жүріп жатыр. Өңірде азық-түліктің қоры жеткілікті. Жанар-жағармай жеткізетін компаниялармен тұрақты жұмыс жүргізілуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен төтенше жағдай жарияланды. Осыған байланысты өңірде 45 бақылау-өткізу бекеті ұйымдастырылды. Оған полиция мен өңірде орналасқан күштік құрылымдардың өкілдері тартылған», – деді Ө. Шөкеев.

Жалпы, Түркістан облысында жағдай тұрақты. Ел азаматтары, зиялы қауым өкілдері, ел агалары мен белсенді жастары ел тыныштығын сақтау бағытында бірлесе жұмыс атқарып жатыр.



МҰРАТ ӘЙТЕНОВ АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Шымкент әкімі Мұрат Әйтенов қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін құқық қорғау органдары мен жергілікті атқарушы органдар күшейтілген күн тәртібінде жұмыс жасауда екенін айтты. Құрамында барлық қарулы күштердің басшылары біріктірілген әкімнің басқаруындағы жедел штаб қаланың штаттық режимде жұмыс жасауы үшін шұғыл шешімдер қабылдап, Төраға арқылы нақты тапсырмалар берілуде.

Қала әкімі шеруге шыққан бұзақыларды тоқтатпақ болған қала тұрғындарына алғысын білдірді.

«Ең алдымен полицейлерге, мемлекеттік қызметкерлерге, әскерилерге, коммуналдық қызметкерлерге, қала белсенділері мен БАҚ өкілдеріне алғысымды айтамын. Сын сағатта ешбірі шет қалмай, ел тәуелсіздігі үшін бірлесе жұмыс жасады, қаланы қорғады. Арандатушылыққа қарсы тұрған шымкенттіктер — «Қалаға зиян келтірмейік, өз қаламызды өзіміз

талқандамайық, бұл біздің ортақ қаламыз» деп ұрандатты. Тыныштықты сақтау үшін жанын беруге дайын болды. Лаңкестерге ерген қаншама жастарымыз арандап қалды. Бүгінде қалада тыныштық орнады. Дегенмен, төтенше жағдай режимін сақтау маңызды. Бұзақыларды ұстау әлі де

жалғасуда. Осы тұста, қала тұрғындары мен қонақтарына, құрметті ата-аналарға айтарым, балаларыңызды қараусыз қалдырмаңыздар. Туыс-тума, ағайын, дос-бауырларға түсіндіріп айтыңыздар, арандатушыларға ермесін. Бабалар аңсап жеткен ел егемендігін сақтап, өзімізден кейінгі ұрпаққа қалдыру міндетіміз. з жерін, қаласын сүйетін патриот ұл мен қыз тәрбиелеуіміз қажет. Сонда ғана шеттен келген жауга елімізді алдырмаймыз, олардың арам пияғалдарына алданбаймыз. Уақытша қалайсыздықтарға түсіністік танытып, бұл кезеңді де бірге өткерейік.

Сақтық шараларын да ұмытпайық, себебі коронавирус инфекциясының омикрон штаммы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларына жетті. Вакцинация мен ревакцинациялау жұмыстарын естен шығармайық. Жарты жыл бойы сақтаған «жасыл» статусты қолдан өршітіп алмайық. Біз біргеміз, бірге жеңеміз» деді.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА “ХАЛЫҚ САҚШЫЛАРЫ” ЖАСАҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫР

Түркістан облысында еріктілер төтенше жағдайдың алғаш күнінен бастап өңірдегі қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлестерін қосуда. Облыс бойынша олардың қатары 700-ден асты. Арасында арулар бар. Тәртіпсіздікке жол бермей, елдің тыныштығын күзетуге ниет білдірген азаматтармен облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев кездесіп, алғысын білдірді.

- Ел ішінде болған тәртіпсіздік кезінде сабыр танытып, ел тыныштығын ойлап, атсалысқан барша азаматтарға алғыс айтамын. Сіздер секілді алғашқы күннен бері ел қауіпсіздігін сақтау жолында күн-түн демей жұмыс жасап жатқан полиция қызметкерлеріне қолдау көрсететін жастар жетерлік екені қуантады. Біз қашан да тыныштықтың, ынтымақтықтың жолында сақшы бола білуіміз керек. Өз ойымызбен жүруіміз керек. Біздің облысымызда жағдай тұрақты. Оған үлкен себепкер болған – халқымыздың жоғары патриоттық сана - сезімі. Жер - жердегі ақса-



қалдардың белсенді жұмысы және өздеріңіз секілді абыройлы бастап, спортшылардың асталысуы. Әлі де қауіп сейілген жоқ. Арандатушылар болуы мүмкін. Оған біз тек бірлігіміздің арқасында тойтарыс беруіміз мүмкін, – деді Өмірзақ Шөкеев.

Түркістандық жастар, қоғам белсенділері, танымал спортшылар мен спорт мектептерінің ұстаздары және өзге де сала мамандарынан құралған «Халық сақшылары» елімізде жүргізіліп жатқан анти-террорлық

операцияларды қолдайтындарын, мәселені сабырмен шешу керектігін жеткізді. Азаматтар елді лаңкестерден қорғау үшін тұрғындарды бірлікке үндеп, күш біріктіруге шақырды. Еріктілер топтарға бөлініп күндізгі уақытта полиция қызметкерлерімен бірге кезекшілікте тұруға кірісіп кетті. Облыстық полиция департаментінің өкілдерімен тығыз қарым - қатынаста бірлесіп, жұмыс істеуге ниет білдірген еріктілер облыс арасындағы блог бекеттердегі сақшыларға ыстық тағам таратуда.

КӘСІПКЕРЛЕР ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ



сенемін, - деді М.Әйтенов.

Еске сала өтсек, Шымкентте орын алған жаппай тәртіпсіздік кезінде Шымкент қаласы әкімінің аппараты, «Көрме» орталығы то-

лығымен өртке оранды, Түркістан сарайы, Ж.Шанин атындағы театр, Өл-Фараби атындағы кітапхана, Қаратау аудандық прокуратура, «Нұр Отан» партиясы филиалының гимараты және 10 кәсіпкерлік нысанға («BI group» сату бөлімі мен арнайы техникасына, «Metro» сауда орталығы, «T-bus» автобусы, «Бақыт» СУ, «Додо пицца», Тез. маркет, ұялы телефон бұйымдары дүкені, қонақүй заттары, кондитер өнімдері, халық және Каспий банктерінің банкоматы, «Актив Ломбард») түрлі деңгейде зиян келді. Қала әкімі баяндағандай, қираған дүние-мүліктің шығын көлемі 10 күн ішінде есептеліп, арнайы комиссияға ұсынылады.

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов құрылыс компанияларының басшыларымен кездесті.

Кездесуде компания басшылары зиян келтірілген нысандарды қайта қалыпқа келтіруге ерікті түрде көмек көрсету жөнінде ұсыныстарын білдірді. Қала әкімі осындай сын сағатта қала өмірі үшін алаңдап жатқан кәсіпкерлерге өзінің алғысын айтты.

